

"Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі, сондай-ақ техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар мамандар даярлауға 2015 – 2016 оқу жылына арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің оқу орындарында бөлу туралы" Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт Министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 30 шілдедегі № 261 бұйрығына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2015 жылғы 10 қыркүйектегі № 291 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 7 қазанда № 12146 болып тіркелді

«Мәдениет туралы» Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 15 желтоқсандағы № 207 Заңының 7-бабының 23-6) тармақшасына сәйкес, сондай-ақ «Республикалық бюджеттен қаржыландырылатын білім беру ұйымдарында (Қарулы Күштер, басқа да әскерлер мен әскери құралымдар, сондай-ақ арнаулы мемлекеттік органдар үшін мамандар даярлауды жүзеге асыратын білім беру ұйымдарын қоспағанда) жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі, сондай-ақ техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар мамандар даярлауға 2015-2016 оқу жылына арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын бекіту туралы» 2015 жылғы 17 маусымдағы № 453 Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысын іске асыру мақсатында, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт Министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 30 шілдедегі № 261 «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі, сондай-ақ техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар мамандар даярлауға 2015 – 2016 оқу жылына арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің оқу орындарында бөлу туралы» бұйрығына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11799 болып тіркелген, «Егемен Қазақстан» газетінің 2015 жылғы 1 тамыздағы № 145 (28021) жарияланған) өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

«Мәдениет туралы» Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 15 желтоқсандағы Заңының 7-бабының 23-6) тармақшасына сәйкес, сондай-ақ «Республикалық бюджеттен қаржыландырылатын білім беру ұйымдарында (Қарулы Күштер, басқа да әскерлер мен әскери құралымдар, сондай-ақ арнаулы мемлекеттік органдар үшін мамандар даярлауды жүзеге асыратын білім беру ұйымдарын қоспағанда) жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі, сондай-ақ техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар мамандар даярлауға 2015-2016 оқу жылына арналған мемлекеттік білім беру

тапсырысын бекіту туралы» 2015 жылғы 17 маусымдағы № 453 Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысын іске асыру мақсатында, БҰЙЫРАМЫН:»;
көрсетілген бұйрықпен бекітілген Республикалық бюджеттен қаржыландырылатын мәдениет және өнер саласындағы оқу орындарында жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар мамандар даярлауға 2015-2016 оқу жылына арналған мемлекеттік білім беру т а п с ы р ы с ы н д а :

реттік нөмірі 16, 22, 25, 28, 30, 43, 45, 46 жолдар алынып тасталсын;
реттік нөмірі 18-жол мынадай редакцияда жазылсын:

«

18	6M040700	Актерлық өнер	3
----	----------	---------------	---

»;

реттік нөмірлері 20, 21-жолдар мынадай редакцияда жазылсын:

«

20	6M040900	Хореография	2
21	6M041000	Сценография	2

»;

реттік нөмірі 24-жол мынадай редакцияда жазылсын:

«

24	6M041400	Кескіндеме	2
----	----------	------------	---

»;

реттік нөмірі 34-жол мынадай редакцияда жазылсын:

«

34	6M040500	Дирижерлеу	3
----	----------	------------	---

»;

реттік нөмірі 42-жол мынадай редакцияда жазылсын:

«

42	6D040600	Режиссура	3
----	----------	-----------	---

»;

реттік нөмірі 47-жол мынадай редакцияда жазылсын:

«

47	6D041600	Өнертану	4
----	----------	----------	---

»;

реттік нөмірі 51-жол мынадай редакцияда жазылсын:

«

51	6D040400	Дәстүрлі музыкалық өнер	1
----	----------	-------------------------	---

»;

мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 51-1 жолмен толықтырылсын:

«

51-1	6D040500	Дирижерлеу	1
------	----------	------------	---

»;

көрсетілген бұйрыққа 3-қосымшада:

Республикалық бюджеттен қаржыландырылатын мәдениет және өнер саласындағы оқу орындарында техникалық және кәсіптік білімі бар мамандар даярлауға 2015-2016 оқу жылына арналған мемлекеттік білім беру тапсырысында:
реттік нөмірлері 69, 70-жолдар алынып тасталсын;
реттік нөмірі 36-жол мынадай редакцияда жазылсын:

«

36	0404013	Аспапта орындаушылық және эстрада музыка өнері: «Балалар музыка мектебінің оқытушысы, концертмейстер» біліктілігі	6	3	6	0
----	---------	---	---	---	---	---

»;

реттік нөмірлері 37, 38-жолдары мынадай редакцияда жазылсын:

«

37	0404023	«Балалар музыка мектебінің оқытушысы, оркестр, ансамбль әртісі (менгерушісі)» біліктілігі	23	18	23	0
38	0404033	«Балалар музыка мектебінің оқытушысы, оркестр, халық аспаптары әртісі (менгерушісі)» біліктілігі	34	28	34	0

»;

реттік нөмірлері 48, 49-жолдары мынадай редакцияда жазылсын:

«

48	Қазақстан Республикасының азаматы болып табылмайтын ұлты қазақ адамдарға квота (2%)		2	0	2	0
49	Барлық квота		4	0	4	0

»;

реттік нөмірі 65-жол мынадай редакцияда жазылсын:

«

65	0408013	Хореографиялық өнер «Балет әртісі» біліктілігі	59	0	0	0
----	---------	--	----	---	---	---

»;

реттік нөмірі 67-жол мынадай редакцияда жазылсын:

«

67	Барлығы	69	0	0	0
----	---------	----	---	---	---

»;

реттік нөмірі 71-жол мынадай редакцияда жазылсын:

«

71	Барлық квота	1	0	1	0
----	--------------	---	---	---	---

».

2. Білім, ғылыми жұмыс және халықаралық ынтымақтастық департаменті (Д. Б о л а т х а н ұ л ы) :

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік т і р к е л у і н ;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін он күнтізбелік күн ішінде оны мерзімді баспасөз басылымдарында және «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде ж а р и я л а у ғ а ж і б е р і л у і н ;

3) ресми жарияланғаннан кейін осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің ресми интернет-ресурсында орналасуын;

4) осы бұйрық мемлекеттік тіркеуден өткен соң он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында қарастырылған іс-шаралардың орындалуы туралы ақпараттың ұсынылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт вице-министрі *Ғ.А.Ахмедьяровқа* жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Мәдениет және спорт министрі А. Мұхамедиұлы